



ҚАЗАҚ

УНИВЕРСИТЕТІ

№ 03 (1337) 26-мамыр, 2005 жыл



Газет 1948
жылдың 20
сәуірінен шыға
бастады

Поздравление ректора

ЭТОТ ДЕНЬ ВЫ ПРИБЛИЖАЛИ, КАК МОГЛИ

Дорогие ветераны Великой Отечественной войны и трудового фронта! 60 лет назад закончилась самая кровавая в истории человечества война, унесшая жизни миллионов людей, среди которых немало и наших соотечественников-казахстанцев. В числе ушедших на фронт - 287 студентов, преподавателей и сотрудников нашего университета. Многим из них не довелось встретить 9 мая 1945 года.



В годы тяжелейших испытаний Казахстан стал могучим арсеналом фронта. Наша земля, казахский народ приняли, всем сердцем и делами поддержали эвакуированных людей, помогая становлению крепкого тыла, сохранению промышленного, научного и культурного потенциала Советской страны. Ратными подвигами и самоотверженным трудом, силой духовной поддержки наших земляков приближался святой день Победы.

Низкий поклон всем ветеранам-солдатам и офицерам армии и флота, партизанам и труженикам тыла!

Светлая, вечная память тем, кто не вернулся с войны, кого уже нет с нами!

Доброго вам здоровья, дорогие ветераны, благополучия и счастья! С Днем Великой Победы!

Т.А. КОЖАМКУЛОВ,
ректор КазНУ им. аль-Фараби

Ұлы Жеңіске 60 жыл

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлерімізге атаулы мереке қарсаңында ғана емес, әрқашан құрметпен қарап, қолдан келген қамқорлықтарын көрсетіп келеді.

Осы мақсатта 4 мамыр күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жылдағы дәстүр бойынша соғыс және еңбек ардагерлеріне арналған салтанатты дастархан жазылды. Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналған бұл отырыстың маңызы мен салтанаты ерекше еді.



ҚАЗҰУ АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Кіріспе сөз сөйлеп, жиынды ашқан университет ректоры Т.Ә. Қожамқұлов соғыс майданындағы оқ пен оттың арасында болып, Ұлы Жеңісті жақындауға өз үлестерін қосқан ардагерлерді осындай ұлы мерекелерімен шын жүректен құттықтады. Осыдан кейін кезек алған соғыс ардагері, университетте жарты ғасырға жуық еңбек еткен ғалымдар Ф.Жұма-

сөзінен рухани байлық алған көпшілік қауым соғыс кезінде болған қиындықтарды ардагерлердің өз аузынан естіп ерекше әсерде болды.

Жасыратын несі бар, Ұлы Отан сағысы қаншама шаңрақты шайқалтып, бірін әкесіз, бірін перзентсіз қалдырып, жеңіске жеткенше талайды төлкекке түсіргені баршамыздың жадымызда. Отан алдындағы



Встреча с ветеранами Великой Отечественной войны и трудового фронта - преподавателями и сотрудниками университета (2003г.)

тов пен З.Мұсырмановтар сөз сөйлеп, кейінгі ұрпақтардың соғыс атты тажалды көрмеуіне, ашық аспан астында бейбіт өмір кешулеріне тілектестік білдірді. Олардың тағылымы бар төлім

азаматтық борыштарын өтеуге аттанған қатардағы сарбаздарды тосыннан от пен оқтың ортасына түсірген қанды қырғын қазіргі ардагерлердің көз алдынан кеткенімен көңілдерінен

еш кетпек емес. Өзінің елдік мүддесі үшін еш тайсалмастан майданға аттанған жауынгерлер тек қана алға жүріп, қасық қандары қалғанша жауға қарсы күрескені әрбір өскелең ұрапақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс.

Осы мерекелік отырыста университеттің Студенттер клубының өнерпаз жастары ардагерлерге арнап соғыс жылдарынан көріністер қойып, ән айтып, би билеп, салтанатты дастарханның сәнін кіргізді. Жастық шақтары мен өздерінің бастарынан өткерген қиын кезеңдерді есіне алған ардагерлердің көбісінің көзіне жас толып, көңілдері босап қалды. Сол соғыстан естелік айтқан ардагерлер жастарға шын ниеттен бата беріп, өздерінің ақ тілектерін білдіріп жатты. Олардың көз алдынан кетпейтін отты жылдар әрбір сәтімен жүректе жазылмайтын сыз қалдырғаны анық. Бүгінгі бейбіт өмір кешегі қайсар

ағаларымыздың омырауын оққа төсеп, аянбай жауға қарсы шыққан ақ арманы екендігі еш шүбә тугызбаса керек.

Бұл игі шараны бірнеше жыл университетте дәріс оқыған ардагерлердің құрметіне ұйымдастыруға ұйытқы болған университет ректораты тарапынан ардагерлерімізге дастархан жайылып қана қоймай, тылда жауға аянбай күрескен 39 ардагерлерімізге 10 мың теңге, ал 91 еңбек ардагерлерімізге 7 мың теңге көлемінде ақшалай сыйақы табыс етілді. Мерекелік отырыс соны университетіміздегі өнерлі өрендердің концерттік бағдарламасымен жалғасып, әдемі әр беріп жатты.

Ысқақ ДҮЙСЕМБАЙҰЛЫ

САНДА:

БҮГІНГІ
НОВЫЙ ЭТАП
ЭКОНОМИЧЕСКИХ
РЕФОРМ



2-бет

ПРЕЗИДЕНТТІҢ
ЖОЛДАУЫ -
ЖАСТАРДЫҢ
ҚОЛДАУЫ



3-бет

Аймақтық БАҚ
және
ДЕМОКРАТИЯ



4-бет

Нурғиса және
"ОТЫРАП САЗЫ"
оркестрі



5-бет

РЕКТОРАТ

10-мамыр күні өткен кезекті Ректорат мәжілісінде жазғы сынақ-емтихан сессиясына дайындық жөнінде Оқу әдістемелік басқармасының бастығы Н.А.Асановтың, педагогикалық жүктемені есептеу мен сабақ кестесін жасаудың автоматтандырылған бағдарламасын енгізу туралы Оқу бөлімінің бастығы А.М.Байділдінаның хабарламасы аталып өтті. Сонымен қатар, 2005 жылғы қабылдау комиссиясының құрамын бекіту жөнінде Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Ж.Д.Дәдебаевтың ақпары тыңдалды.

● Кездесу

Валерия Порохова - ҚҰРАНДЫ АУДАРҒАН ИМАМ



28 сәуір күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері Құранды орыс тіліне аударған белгілі тәржімашы, қоғам қайраткері, ағартушы Порохова Валерия Михайловнамен кездесті.

В.М.Порохова Мәскеу лингвистикалық университетін бітірген. МИФИ-да дәріс оқып жүріп, бір мезгілде Ғалымдар үйінің жанындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің философия факультетінің дипломын алған.

Ол 1975 жылы Сирияның азаматы, Дамаск университетінің шарифат факультетінің үлгісі, МИСИ студенті, кейіннен аспиранты Мухаммад Саид Аль-Рошда тұрмысқа шығады.

1985 жылы Валерия Михайловна Москвадан Дамаскке көшкеннен кейін ислам дінін қабылдап, Қасиетті Құранды орыс тіліне аударуға кіріседі. 1991 жылы Құранның мағынасының аудармасы аяқталып, Әл-Асхар Әлі Шариф Ғылыми-зерттеу Ислам Академиясына (Египет, Каир) тексеруге беріледі. 1997 жылы Академияның Бас Департаменті аударманы құптаған шешім шығарды. 1991 жылдан бері В.М.Порохова "Әл-Фуркан" ислам ағарту орталығын басқарады, оның бас директоры Мухаммад Саид Әл-Рошд. 2000 жылы "Прямой путь" атты орыс мұсылмандарының діни ұйымы құрылады. Оның төрағасы философия докторы Али Вячеслав Полосин, тен төрағасы Имам Валерия Покарлығаш СӘБИТҚЫЗЫ

рохова болып табылады.

1998 жылы өзінің ағартушылық қызметі үшін Валерия Михайловна Ресейдің Орталық-Еуропалық аймағының Діни басқармасының "Рухани бірлік үшін"; 2000 жылы Ресей Академиясының жаратылыстану ғылымдарының Күрмет Белгісімен және БҰҰ жанындағы Халықаралық академиялық одақтың жоғарғы наградасы – "І дәрежелі Вернад Жұлдызымен" марапатталған.

Бүгінгі күні Порохова Валерия Михайловна – Гуманитарлық ғылымдар Академиясының толық мүшесі, Еуразиялық халықаралық мәдениет академиясының Басқармасының мүшесі, БҰҰ жанындағы Халықаралық Информатизация Академиясының толық мүшесі, Ресей Академиясының жаратылыстану ғылымдарының геополитика мен қауіпсіздік секциясының толық мүшесі.

Кездесу барысында В.М.Порохова Ғылыми Кеңестің мәжіліс залында лекция оқып, студенттердің сұрақтарына жауап берді.

● Спорт

ШАХМАТ турнирі өтті

Мамыр айының 5 жұлдызында журналистика факультетінде "Парасат" кәсіподағының ұйымдастыруымен Ұлы Жеңістің 60 жылдық мерейтойына орай ұстаздар арасында шахматтан турнир болып өтті.

Аталмыш турнирге факультет басшылары мен ұстаздар қауымы қатысып, өз шеберлігін танытты. Нәтижесінде баспа ісі және редакциялау кафедрасының қызметкері Күләш Перенова, мерзімді баспасөз кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Көкен Қамзин, телевизия және радиожурналистика кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Аязби Бейсенқұлов жүзден жүйрік шығып, ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Турнир соңында сөз алған журналистика факультетінің деканы Бауыржан Жақып Ұлы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында өтіп отырған бұл шараның жақсы бастама екенін айтып өтіп, өзінің жүрекжарды ыстық ықыласын білдірді.

Ерболат САПАРОВ

● Конференция



НОВЫЙ ЭТАП ЭКОНОМИЧЕСКИХ РЕФОРМ

В этой связи Президент страны Н.А. Назарбаев в своем недавнем Послании народу Казахстана (февраль 2005 г.) подчеркнул: "Казахстан должен войти в число эффективно развивающихся стран мира, создавая высокие стандарты жизни для своих граждан.... Мы начали реализацию индустриально-инновационной стратегии, направленную на диверсификацию экономики. Это программа будущего".

Тесное переплетение науки и производства – определяющий фактор индустриально-инновационного развития.

Целью конференции являлось обсуждение хода реализации Стратегии индустриально-инновационного развития

страны в свете Послания Президента РК "Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации" и выработка на этой основе научных рекомендаций по экономическому, правовому, технологическому, кадровому, социально-психологическому и идеологическому обеспечению дальнейшего широкомасштабного продвижения инноваций в Казахстане.

В ходе конференции прошло обсуждение вопросов по следующим направлениям:

1. Международные аспекты индустриально-инновационного развития Казахстана в условиях глобализации.
2. Философско-психологические и социально-политические

12-13 мая 2005 года в Казахском национальном университете имени аль-Фараби проходила Международная научно-практическая конференция "Научно-методологические проблемы индустриально-инновационного развития Казахстана".

17 мая 2003 года Указом главы государства была утверждена Стратегия индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 годы, что стало, по существу, началом нового этапа экономических преобразований. Производство конкурентоспособных и экспортоориентированных товаров в обрабатывающей промышленности, эффективное использование научного потенциала в развитии инновационной сферы должны стать основными приоритетами диверсификации казахстанской экономики и ее отхода от сырьевой направленности.

кие проблемы индустриально-инновационного развития Казахстана.

3. Экономико-правовые основы индустриально-инновационного развития Республики Казахстан.

4. Научно-технологическое обеспечение индустриально-инновационного развития Республики Казахстан (новые материалы, технологии в области естественно-технических наук).

5. Проблемы и перспективы подготовки высококвалифицированных специалистов для индустриально-инновационного развития РК.

К участию в конференции были приглашены ученые и специалисты в области социально-гуманитарных и есте-

ственно-технических наук, представители международных и республиканских научно-образовательных фондов и организаций, институтов развития, вузов и НИИ, производственники, бизнесмены, эксперты, молодые ученые и аспиранты и др.

С докладами выступили видные ученые ведущих вузов и научных центров Республики Казахстан, США, Турции, России и других стран, эксперты международных организаций, руководители государственных исполнительных органов, а также представители отечественных и зарубежных бизнес-структур.

Данияр ТЕЛМИРОВИЧ

● Конференция

Ұлтты біріктіруші фактор

29 сәуір күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде биология факультеті, "Парасат" кәсіподағы мен "Тіршілік қауіпсіздігі" кафедрасының ұйымдастыруымен "Қазақстандағы конфессияаралық келісім – қоғам тұрақтылығының факторы" атты конференция болып өтті. Оған университеттің профессор-оқытушылар құрамымен қатар студенттер қауымы да белсене қатысты.

Бұл конференцияның негізгі өзегі – Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың биылғы жылғы халыққа Жолдауындағы "Бізді не аландатып отыр?" деген бөлімде айтылған ХХІ-ғасырдың қатерлері – тұрақсыздық пен діни экстремизм, есірткі таратудың тыйылмай отыруы, халықаралық лаңкестік, т.б. мәселелерді талқылау болды. Конференцияның пленарлық мәжілісінде "Қазіргі замандағы қазақстандық қоғамның өзекті мәселелері", "Қазақстан Республикасындағы этникааралық және конфессияаралық келісім", "Салауатты өмір салты – салауатты ұрпақ кепілі" атты тақырыптарда баяндамалар жа-



салды. Конференциядағы қалған баяндамалар "Бүгінгі қоғамның өзекті мәселелері" және "Салауатты өмір салты әлеуметтік тұрақтылық факторы ретінде" деген секциялар аясында тыңдалды.

Конференция соңында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың

"Парасат" кәсіподағының төрайымы М.Т.Мұқашева терен зерттеп, зерделенген, тын ойлар ұсынылған ең үздік баяндама иелеріне мақтау қағаздары мен ақшалай сыйлықтар тапсырды.

Айәліл БАЙӘДІЛҰЛЫ

● Воспитательная работа

В зале мехмата звучала музыка



Субботний день 23 апреля 2005 г. стал особым днем в жизни механико-математического факультета университета: впервые в актовом зале мехмата выступали юные музыканты – учащиеся ДМШ №13 г. Алматы.

В исполнении домбристов А. Турганкулова, Р. Исмаилова, Е. Жанаева (класс педагога Г.Ж. Куримбаевой) звучали произведения Курмангазы, Даулеткереева, С. Турысбекова.

Тепло встретили слушатели исполнение на гитаре латиноамериканских мелодий (педагог Е.В. Батрасва) и казахской народной песни "Дайдидау" дуэтом педагогов М.Г. Исмаиловой (скрипка) и Е.В. Батрасовой (гитара).

В исполнении юных скрипачей (класс педагога М.Г. Исмаиловой, концертмейстер – Н.В. Сгибнёва) прозвучали такие замечательные произведения, как "Неаполитанская песня" П.И. Чайковского (исп. К.

Коженкова), "Осенняя песня" П.И. Чайковского (исп. Д. Малькеева), "Полонез" М. Огинского (исп. М. Сматасев), "Прялка" Яньшинова (исп. А. Рысбаева), "Поэма" А. Нурбаева (исп. С. Рсаева), "Романс" А. Жубанова (исп. К. Рысбаева).

Юные скрипачи исполняли произведения и дуэтом, и трио: А. Ембергенов и К. Сатылганова исполнили "Жез кинк" А. Жубанова, сестры А. и К. Рысбаевы – "Адай" Курмангазы, трио Д. Малькеева, А. и К. Рысбаевы ис-

полнили "Концерт ля-минор" А. Вивальди.

Заключительная часть концерта произвела огромное впечатление на слушателей: произведения В.-А. Моцарта, Н. Тлендиса, Э. Морриконе, Ж. Оффенбаха прозвучали в исполнении Ансамбля скрипачей ДМШ №13 под управлением педагога М.Г. Исмаиловой (концертмейстер – Н.В. Сгибнёва). 16 скрипок звучали одновременно!

Замечательная музыка композиторов-классиков в высоко-

профессиональном исполнении юных музыкантов не могла не отозваться в сердцах математиков, умеющих видеть и понимать красоту не только математических задач и уравнений. Долго не смолкали аплодисменты. Музыкантов вызывали на "бис".

Надеемся, что эта первая встреча с музыкантами ДМШ №13 станет началом большой дружбы между нашими коллективами.

Г.А. МАЛЬКЕЕВА



● Сұхбат



Соңғы күндері елімізде болған маңызды оқиғалардың бірі- Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауы болды. Халқымыздың еңсесі көтеріліп, экономикамыз қарқынды дамып, болашағымызға үлкен сенім-үмітпен қарай бастаған тұста қарапайым халықтың әл-ауқатын арттырып, қоғамымызды демократияландыру жолында бұл жолдаудың берері мол. Ішкі-қарындастарына бөлінетін грант саны 50%-ға, ата-әжесінің зейнетақысы 3000 теңгеге, ата-анасының да жалақысы өседі деген жолдарды оқыған студенттер қауымы бір марқайса, стипендиялары екі есе өседі деген әжептәуір серпіліп қалды. Өзім де студент болғандықтан бұл қуаныш маған да ортақ.

Жолдаудың ешкімді де бей-жай қалдырмағанын ұстаздарымыздың, құрбы-құрдастарымыздың жылы лебіздерінен аңғардық.

“Ең алдымен экономиканы дамытуымыз керек” деген Елбасы саясатының оң екеніне көзіміз жетіп келеді. Осы Жолдауда экономикаға қатысты мәселелер аз айтылмаған. Сондықтан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес факультетінің деканы, э.ғ.д., профессор Елемесов Раушан Елемесұлынан Жолдау туралы пікірін білуді жөн көрген едік.

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЖОЛДАУЫ - ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛДАУЫ

- Раушан Елемесұлы, ҚазҰУ-дай киелі шаңырақтың Экономика және бизнес факультетін басқарып отырсыз. Ең алдымен жолдауда айтылған мәселелерге өз көзқарасыңызды білдірсеңіз.

- Елбасымыздың дәстүрлі болып кеткен жыл сайынғы халыққа Жолдауы Қазақстан мемлекеті мен қоғам өміріндегі ең бір елеулі де маңызды құбылыс. Жолдау егеменді еліміздің жылдан-жылға алға ұмтылған жетістіктерін көрсетіп, қоғамымыздың алдында тұрған қайшылықтар мен қиыншылықтарға да көңіл бөледі. Биылғы жылғы Жолдауда мемлекетіміздің соңғы он жылда жеткен жетістіктері халқымыздың әлеуметтік дамуын жетілдіруге бағытталған. Шыныменен, мақтауға тұрарлық нәрсені жасырудың қажеті жоқ. Әсіресе соңғы бес жылдың ішінде еліміздің экономикасы әлемдік экономикадағы ең жылдам өсіп келе жатқан елдердің арасында. Осыған байланысты халқымыздың әлеуметтік деңгейін көтеруге керек ресурстар да жылдан-жылға молайып келеді.

- Елбасының индустриалды-инновациялық саясатқа көп көңіл бөліп отырғаны белгілі. Жолдауда да басты міндеттердің бірі- инновациялық экономика құру және шикізаттық емес секторы дамыту. Экономиканың бәсекеге қабілетті болуында инновацияның маңызы зор. Жалпы Қазақстанда осы саланың дамуы және келешегі туралы не ойлайсыз?

- Экономикамыздың тез өсуіне негіз болып отырған шикізат қорлары екені жасырын емес. Қиын-қыс-

тау кезеңде еліміздің зор табиғи байлықтарын халқымыздың қажеттілігіне жаратуды мен қате деп есептемеймін. Осындай мол қордың болғанына мың да бір рахмет. Бірақ, болашағымыз тек шикізатқа тірелетін болса, ұзақ мерзімді экономикалық өрлеу мүмкін емес. Сондықтан да Елбасымыз индустриалды-инновациялық стратегияны қолға алып, осы стратегияны іске асыратын саясатқа көп көңіл бөлуде. Инновациялық экономика дегеніміз бұл білім мен ғылымға негізделген экономика. Егер қоғамда білім деңгейі көтерілмесе, экономикалық өсу де болмайды. Яғни, инновациялық экономиканың басты шарты елдің білім мен ғылым саласы жақсы дамыған, халқы жаңалыққа күшті, білімді де білікті мамандарының болуы. Қазақстан халқы сауаттылығы жағынан дамыған елдерден еш кем емес. Енді мектеп пен жоғарғы оқу саласын халықаралық стандарттарға жеткізу көзделіп отыр. Жолдаудың бір тармағы (3.5) оқыту жүйесі мен кәсіби дайындауды ХХІ ғасыр деңгейіне көтеруге арналған.

Еліміздің білім-ғылым, мәдениет саласында Қазақ ұлттық университетінің орны бөлек. Өзін осында оқып жүргендіктен, соңғы кездегі университет өмірінде болып жатқан өзгерістерге қанық боларсың.

- Елімізде индустриалды-инновациялық саясат қолға алынды, қаржы секторы қарқынды дамып келеді, шағын және орта бизнес мәселелері де шешімін табуға, ал агроөнеркәсіп саласына бюджет тарапынан қолдау көрсетілсе де, осы сала артта қалып отыр.


Аграрлық сектордың дамуына кедергі болып отырған жайттарды атап өтсеңіз.

- Биылғы жыл “Ауыл” бағдарламасының үшінші жылы. Ауыл шаруашылығы немесе аграрлық сектор әр кезде өзінің ерекшелігімен көзге түседі. Бұл өте күрделі сала. Өзін-өзі тамақтандыра алмайтын елдің болашағы екіталай. Оның үстіне ауыл тұрғындарын ұлттың одет-ғұрпын сақтап, ана тіліміз бен салт-дәстүріміздің киелі шанырығын шайқалтпай отырған ұлт жанашыры деп білемін. Осыған байланысты аграрлық сектордағы реформалардың да өте сақ жүргізілуі кездейсоқ жағдай емес.

Қазақстан жер ресурстарына бай ел. Экономикамен бірге ауыл шаруашылығы да дамып келеді, бірақ бұл салада әлі қиыншылықтар көп. Аграрлық секторда әр уақытта басты мәселе жер меншігі болып есептеледі. Жер Кодексі қабылданып, жер меншігі рыноктық экономикаға сәйкестендірілді. Сондықтан, келешекте аграрлық салада да рыноктық экономика өз мүмкіншіліктерін көрсетеді деген ойдамын.

- Экономиканың қарқынды өсуі әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік беріп отыр. Жолдауда айтылған әлеуметтік саладағы өзгерістер ұстаздар қауымы мен студенттердің көкейінен шықты. Бұл өзгерістерді сіз қалай бағалайсыз?

- Экономиканы дамытудың басты мақсаты- халықтың әлеуметтік жағдайы мен өмір сүру деңгейін көтеру. Осыған экономикамыздың ешкімге кереметі жоқ. Еліміздің экономикасымен



бірге халықтың да жағдайы жақсарып келеді.

- Тәрбиелен отырған шәкіртеріңізге қандай тілек айтасыз?

- Қазіргі кезде жастарға жол ашық. Тек қана ерінбей, оқуларыңды жақсы оқысандар жеткілікті. Мемлекетіміз жасап отырған мүмкіншіліктерді толық пайдалана білген студенттер әлемнің ең үздік университеттерінде білім алуына болады. Болашақ өз қолдарыңда. Еліміздің болашағы да сендерде. Жастарымыз қаншалықты білікті болса, соншалықты еліміз де өркендетті елдер арасынан өз орнын табады. Мен келешекке оптимизммен қараймын. Оның басты себебінің бірі- өзіміз оқытып жүрген студенттердің талабы мен оқуға деген ынтылылығы.

Әңгімелескен
Жазира ДӘУРЕНБЕКОВА,
экономика және бизнес
факультетінің 3-курс студенті

● Дөңгелек үстел

ИМАНДЫЛЫҚ БАСТАУЫ ДЕСЕК ТЕ...

Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттерінің бастауымен “Қоғамдағы діни экстремизмнің алдын алу және онымен күресу жолдары” атты тақырыпта “дөңгелек үстел” өтті.

Бұл жиынға Алматы орталық мешітінің бас имамы Құлмұхаммед қажы Махамбет, Бостандық ауданы әкімшілігі ішкі саясат бөлімінің бастығы Б.Ә.Бөкебаев, Бостандық ауданы прокурорының аға көмекшісі О.Бағжанов, Бостандық ауданы Ішкі істер басқармасының қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің бастығы О.Р.Әлімбаев, учаскелік инспектор Сабыров қатысты. Дөңгелек үстел қоғамдағы діни экстремизмнің алдын алу және онымен күресу жолдарына арналды.

Бұл шараны кіріспе сөзбен ашқан университеттің Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректорының орынбасары Г.Ә. Сөрсенбекова Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауында ХХІ ғасырдың объективті қатерлерінің қатарына өңірдегі тұрақсыздық пен діни экстремизмнің етек жая бастауын көрсетуі, бұл мәселе бізді де бей-жай қалдырмай, жан-жақты әрекет етуді талап ететіндігі туралы айтты.

Алматы орталық мешітінің бас имамы Құлмұхаммед қажы Махамбет қазіргі кездегі ислам дініне, ондағы әртүрлі бағыттардың қанат жаюының себептеріне тоқталды. Өздерін “мұсылман қауымдастығының бір бөлігі” санайтын кейбір діни секталардың заңды түрде тіркелмей, бақылаусыз қызмет атқарып, жастар санасын улауға әрекет етіп жатқандығын айтты. Сонымен қатар “Хиз-бут тахрир” ұйымының мақсат-мүддесі, олардың мемлекет саясатына қарсы жүргізіп отырған күйтырқы саясаты туралы кеңінен

өңгімеледі. Осы саясатқа қарсы жастардың көзі ашық, сауатты екендерін дәлелдейтін қадам жасау керектігін айтты. Содан кейін сөз алған Бостандық ауданының ішкі саясат бөлімінің бастығы Бақыт Бөкебаев қазақ жастарының шетелге көзсіз еліктеушілігін баса айтып, өзіміздің дінімізді, тілімізді қорғап, жастардың санасына жеткізуде жұмыла жұмыс жасау керек екенін атап өтті.

Бостандық ауданы прокурорының аға көмекшісі О.Бағжанов соңғы жылдары діни экстремизмге байланысты қозғалған қылмыстық істерді сараптады. Әсіресе “Хиз-бут тахрир” ұйымының жасөспірімдермен үлкен жұмыс жасап жатқанын дерек етті.

Талқылау барысында студенттер тарапынан қыздарымыздың хиджаб киіп, орануының қаншалықты қажетті. “Хиз-бут-тахрир” ұйымының күйтырқы әрекеттеріне тосқауыл болатын заң актілері бар ма деген сияқты көптеген сұрақтар қойылды.

Ысқак ДҮЙСЕМБАЙҰЛЫ

● Кросс

Жарыс ардагерлердің құрметіне арналады

Ұлы Жеңістің 60-жылдығы қарсаңында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде соғыс ардагерлерінің құрметіне арналған профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер арасында жеңіл атлетикалық кросс болып өтті.



Жарыстың салтанатты ашылуында сөз сөйлеген “Парасат” кәсіподағының төрайымы М.Т. Мұқашеваның айтуынша, университет өзінің соғыс және еңбек ардагерлерін бір сәт те есінен шығармаған. Оларға жыл сайын 9-мамыр – Жеңіс күніне орай салтанатты дастархан жайылып, сый-сияпаттар көрсетілсе, жеңіл атлетикалық кросс та игі дәстүрге айналған. Жиналғандар алдында Ұлы Отан соғысының ардагерлері З.М. Мұсырманов, А.И. Кисилев, еңбек ардагері Т.П. Струн жастарға тағылымды өңгімелер айттып, талай өмірді жалмаған соғыс ортаның енді болмауына тілектестік білдірді.

Жасыл алаңға жиналған университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері, аспиранттары жас ерекшеліктеріне қарай бес топқа бөлініп жарысты. Жас ерекшеліктері жоғарғы топ арасында 1-орынды география факультеті деканының орынбасары Н.Н. Керімбай, 2-3-орындарды география факультетінің доценті Т.Р. Рыспеков, механика-математика факультетінің деканының орынбасары Б.К. Абенев жеңіп алса, осы жастағы өйелдер арасында топ бастағандар журналистика факультетінің оқытушысы Б.О. Әсембаева, география факультетінің оқытушысы О.Ж. Сағымбаева, география факультетінің аға оқытушысы З.К. Қалиасқаровалар болды. Орта жастағы топтар арасында алғашқы орындарды филология және саясаттану факультетінің деканының орынбасары Б.А. Бекбатыев, дайындық факультетінің оқытушысы Б.Берікбай, филология факультетінің оқытушысы М.П.Е. Шимов, жалпы және этникалық педагогика кафедрасының оқытушылары А.Сатыбалдиева, З.Сәдуақасова, география факультетінен А.Бекжановалар иеленді.

Қызметкерлердің балалары арасындағы жарыс та өте қызықты тартысты өтті.

Студенттер арасындағы 1000 метрлік қашықтыққа жүгіруден А.Нүсіпов, А.Пидяхмет, С.Баякеев, О.Қарабаев, О.Ритченко, А.Сабанбаева, Б.Жұмағалиева, А.Бекайдарова, А.Күсайынова, А.Берекетова, М.Шаухарова, Е.Жидкова, Н.Шаповрева, т.б. алдына жан салмады.

Женімпаздар “Парасат” кәсіподағының арнайы сыйлықтарымен, мақтау қағаздарымен марапатталды. Жарыс соңында жиналғандар ардагерлермен бірге майдан асханасының тағамынан дәм татты.

Бұл күнгі жарыс нағыз мерекеге айналып, соғыс жылдарындағы өндер шыркалып, жастарды ерекше бір күйге бөледі.

Данияр ДАУТОВ





● Төртінші билік

Сәуірдің 27-сі мен 28-і аралығында университетіміздің журналистика факультетінде “Аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарының демократиялық қоғам орнатудағы рөлі” деген тақырыпта республикалық семинар-тренинг жұмысы болып өтті. Аталмыш конференцияны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры, филология ғылымдарының докторы Н.Омашев мырза кіріспе сөз сөйлеп ашты. Ол өз сөзінде қазіргі уақыт тудырған өзекті мәселелер хақында әңгіме қозғады.

Аймақтық БАҚ және

Бұл семинар “Қазіргі аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарының материалдық-техникалық базасы және шығармашылық әлеуеті” және “Аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөз бостандығы және олардың қаншалықты ықпал етіп отырғандығын саралау, аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі өркеніет талаптарына сай материалдық-техникалық жабықталуының деңгейіне баға беру, қалалық, аудандық, облыстық ақпарат құралдарындағы кадр мәселесіне барлау жасау, жергілікті жерлердегі көптаралымды басылымдардың ұлттық

идеологияға қызметіне шолу жасау, жергілікті басқару және атқару орындары мен БАҚ-тың арасындағы байланысқа көзқарасты анықтау болып табылды.

Аталмыш шараға өз пікірлерін, ұсыныстарын білдіруге облыстық, аудандық, қалалық бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары мен өкілдері, журналистикатанумен айналысатын ғалымдар мен зерттеушілер, саясаткерлер мен журналистер шақырылды.

Мемлекет басшысы биылғы Қазақстан халқына Жолдауында “... демократияның өзі - адамның ой-санасы, мінез құлық мәдениеті екенін ұмытпағанымыз жөн”, “Сөз бостандығын, ақпарат алу мен таратуды қамтамасыз ететін барлық қажетті құқықтық және басқа да шарттар алдағы уақытта да дәйекті түрде жасалады әрі қорғалатын болады. Сонымен



ДЕМОКРАТИЯ

қатар, сөз бостандығын пайдаланудағы шектен шығушылыққа қатаң тосқауыл қойылуы шарт” - деп астын сыза айтқан болатын. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультеті Президентіміз Н.Назарбаевтың 2005 жылдың 18 ақпанда Қазақстан халқына жасаған Жолдауындағы БАҚ-қа қатысты мәселелерге ой қосу мақсатында осындай игі шара ұйымдастырды.

Біз төменде журналистика факультетінің мерзімді баспасөз кафедрасының доценті Көкен Қамзиннің аталмыш жиында жасаған баяндамасының негізгі тұстарын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Ысқақ ДҮЙСЕМБАЙҰЛЫ

● Мінбер



Көкен ҚАМЗИН,
ф.ғ.к., доцент

Жарияланылған жариялылық және нақты жариялылық

Бүгінгі талқыланатын мәселе - өзекті. Осынау оқшау орынға шығып сіздерге жол көрсетейін, болашаққа барар сара даңғылды нұсқайын деп тұрғамын жоқ. Ондай ойым болса, фантастикамен, я болмаса келешектанумен шұғылданар едім.

Бұл жалғанда бәрі салыстырымды. Осы салыстырымдылық теориясының іргетасын қалаған Альберт Эйнштейн екінші дүниежүзілік соғыс аяқтала салысымен, адамзат баласы 1945 жылы атом жарылысын бастан кешті, ал ғасыр соңында одан да зор алапатты - “ақпараттық қопарылысты” көзі көреді деген еді. Әйгілі физиктің ғылыми болжамы шындық нысанасынан алыс кетпепті.

Соғыстан кейінгі жылдары талай оқымысты: саясаттанушы, футурологтар адамзат баласы дамуының келесі сатысы ретінде ақпараттық қоғам проблемаларын білек сыбана зерттей бастады. Олардың арасынан М. Маклюэнді /ақпараттық “ғаламдық қоныс”/, И. Масуда, Д. Белл, Э. Тоффлер /“үшінші толқын”/, П. Дракер мен М. Калтельстц есімдерін бөле-жара атап өтер едік. Ал “ақпараттық қоғам” түсінігіне практикалық мән беріп, оны көрнекілендіре, қоғамдық тәжірибеге жақындастыра түскен жапон ғалымы Ю. Хаяши болатын. Ол заңды да. Өйткені екінші жиһангерлік соғыстан кейін осы саланың перспективасы барлығын ерте ұққан, болашақта өлемге үстемдік етудің қантөгіссіз тәсілінің не екенін қиядан шалған жапон ғалымдары ілгері баса берді. Сол кездің өзінде Жапонияда “Ақпараттық қоғам жөніндегі ақ кітап” жарыққа шыққанды. 1972 жылы Аояма университетінің профессоры И. Масуданың қатысуымен құлашын кеңге сермеген “Ақпараттық қоғам құру жоспары - 2000 жылға дейінгі ұлттық мақсат” атты құжат өмірге келді. Ал профессор Юкио Хаяши “ақпараттық қоғамның” негізгі сипаттарын жапон үкіметіне жіліктеп шағып берді. Содан кейін бұл мәселемен бірқатар ғылыми-зерттеу институттары жігерлене айналыса бастады. Сонының жаңалықты, пайданың көзін жапондықтар заңды құжаттарға айналдырды. Солар қорытқан ережелердің кейбірін ауызға ала кетейік. “Жапон ақпараттық қоғамы: салалары мен орындалуы” /1969 ж./, “Жапон қоғамын ақпараттандыруға көмектесу саясатының нобайлары” /1969 ж./, “Ақпа-

раттық қоғам саясаты” /1971ж./ Аты аталған құжаттарда жоғары индустриялық қоғам - ол сенімді ақпарат көздеріне адамдардың компьютерлер арқылы қол жетугі, өндірісті жоғары дәрежеде автоматтандыру, адамды ығыр қылар бірсарынды жұмысты жасанды интеллектке тапсыру деп көрсетілген. Содан бері отыз жылдан астам уақыт өтті. Жапондар жетпісінші жылдары ойға алған межеге біз енді-енді аяқ бастық. Бізде де инновациялық жоспарлар жасалуда, жаңа технологиялық орталықтар жедел жасақталуда. Мұның өзі ұлттық келешек сынаққа, бел қайыстырар бәсекеге дайындықтың айқын белгісі. Осындай ақиқатты да әлсін-әлсін жұртшылықтың есіне салып тұрмасак, ол күн өткен сайын ұмытыла бастайды. Алдымызда жоғары технологиялық елдердің өнегесі бар, сайрап жатқан сорап бар. Ақылды адам біреудің қателігінен үйренеді, шояқ ойлы өз басын дұшпанның аяғына иілтпей тәубаға келмейді. Демек, бізге технологиялық жетістіктердің, саяси-әлеуметтік процестердің пісіп жетілуін жылдар бойы сарыла күтуге болмас. Адамзат баласы жасаған игілікті ұлттық қасиетімізге сай, ұтылмайтындай тәсілмен пайдалана алсақ, соның өзі қазіргі көштен қалмау деген сөз. Енді осы жерде жарияланған жариялылық пен нақты жариялылықтың төбесі қылатияды. Әрине, бүгінгі таңдағы жарияланымдар мен жариялылықтың арасы қарапайым қазақ пен олигархтың арасындай. Бірсыпыра заңдарымыз жетілдіруді, өзгертуді қалап тұрғандай. Демократиялық құндылықтарға бейіл берген қоғамның гуманитарлық сала-

дағы өлшемдері халықаралық стандартқа сай болғаны жөн. Өз жұртшылығыңнан жасырған дерек, факті көзді ашып-жұмғанша сырт жұртқа мәлім болып жатады. Жариялылық үшін күрес бүгіндері ұлттық шеңберден шығып кетті. Мәселен, “Әділ сөз” ұйымының дерегі бойынша, биылғы жылы басылымдарға қарсы 133 сот ісі қозғалыпты. Былтырғымен салыстырғанда, жеке адамдардың және ресми орындардың БАҚ-қа кінә тағуы 2,5 есеге өскен. Бұл деректер бізде ғана емес, электронды ақпарат құралдары арқылы шетелге де тарайды. Жариялылықтың нақты бір көрінісі осы болса керек. Бұл Қазақстан имиджіне қалай әсер етеді, ол енді басқа өңіріміздің тақырыбы. Дей тұрғанмен жариялылық пен ел беделі арасында латентті жалғастық бар. Бұл - біріншіден. Екіншіден, газет, журнал, радио мен телевизия бизнесімен айналысып жүргендер ел занын бес саусағындай білуі керек. Демократия жариялылықсыз өмір сүре алмайды. Осы жерде өз басымнан өткен бір жайтты айта кетейін. 1969 жылы біздің курс студенттері батыс әдебиетінен сабақ беретін шовинист оқытушыға қарсылық көрсетіп, түгелдей сабағынан шығып кеткенбіз. Осы хабарды бір күн өтпей жатып Би-Би-Си радиостанциясы өлемге жария етіп жіберіпті. Ал қазіргі ақпарат таратудың оперативтілігі ондаған есе өсе түсті. Басқаша айтқанда, жариялылықтың технологиясы да шырқау биікке көтерілді. Яғни қазір ақпарат беру, информация алмасу планетарлық деңгейге жетті. Оның екпін де ғаламат. Осы мәселені ішкі және сыртқы саясат қадамдарында,

идеологиялық ұстанымдарымызда мықтап ескергеніміз жөн. Қоғам дерті шындық, ақиқат және жариялылық дәрісімен жазылады. Ақпараттық қоғам мен жариялылық - егіз. Бірінсіз бірінің күні жоқ. Осы ретте 1973 жылы шыққан Америка ғалымы Д. Беллдің “Келіп қалған постиндустриялық қоғам” еңбегін, жапон оқымыстысы И. Масуданың “Ақпараттық қоғам постиндустриялық қоғам ретінде” монографиясын ауызға ала кетуге болады. Екі автор да ақпараттық қоғам жағдайында адамзат баласы құндылықтары трансформацияға, өзгеріске ұшырайтынына баса назар аударады. Ақпараттық қоғамның басты мақсаты - қоғамның әр азаматына кез келген жерде, кез келген уақытта өз проблемаларын шешуге қажетті информацияны алуын заң жүзінде де, әлеуметтік деңгейде де қамтамасыз ету. Осы сұраныстарды біз жүзеге асыра аламыз ба? Қоғамдағы мәмле, тұрақтылық қоп жағдайда осыған байланысты. Ғалымдардың пайымдауынша, информациялық қоғамның негізгі параметрлері мыналар: айналымға түсіп отырған ақпараттың саны мен сапасы, сонымен бірге оларды тұтынушыларға тиімді түрде жеткізу хәм қорыту. Транзитті қоғам экономикасының табысты, қарышты дамуына ақпарат секторының, жариялылықтың тигізер әсері мол. Қазіргі қазақ газеттерінің, телевизиясы мен радиосы үнінің ашыла түсуі - ұлт санасы өсуінің, қоғамдық пікір сапасы артуының, жариялылық үрдісі қалыптасуының бірден-бір көрсеткіші.

● Рецензия

Качественно новый этап вузовского образования

“Основы кредитной системы обучения в Казахстане” С.Б. Абдыгаппарова, Г.К. Ахметова, С.Р. Ибатуллин, А.А. Кусаинов, Б.А. Мырзалиев, С.М. Омурбаев /Под общ. ред. Ж.А. Кулекеева, Г.Н. Гамарника, Б.С. Абдрасилова. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 198 с.



Книга “Основы кредитной системы обучения в Казахстане” состоит из 7 глав, посвященных раскрытию научно-прикладных основ кредитной системы обучения. Ее авторы уточняют понятийный аппарат кредитной системы обучения, раскрывают тенденции развития высшего и послевузовского образования в странах мира и в Казахстане, характеризуют кредитную систему за рубежом и опыт внедрения этой системы в Казахстане.

Разработчики обосновывают организационную структуру учебного процесса, особенности деятельности специальных академических служб, методического и финансово-кадрового обеспечения кредитной системы обучения в бакалавриате, магистратуре и докторантуре. Исходя из сущности кредитной системы обучения как средства повышения академической и профессиональной самоактуализации студентов и преподавателей, разработчики рассматривают перспективу применения кредитной системы обучения в вузах Казахстана.

В предлагаемой книге представлен опыт проектирования и внедрения кредитной системы обучения в Казахстане, осмысления способов подготовки кадров новой генерации. Логика изложения содержания учебно-методического материала движется от научного обоснования кредитной системы обучения до его практической реализации в высшей школе республики. В книге охарактеризованы социально-исторические и научно-концептуальные предпосылки возникновения и функционирования кредитной системы обучения, актуализирована проблема современного образовательного идеала, зафиксированного в понятиях “гуманизация - гуманитаризация”. Это идеальная конструкция образования, сочетающая в себе общечеловеческое начало и национальные традиции. Авторы правы в том, что эти ценности должны найти свое отражение в кредитной системе обучения.

Огромный интерес в книге представляет технология реализации кредитной системы обучения с учетом накопленного опыта по организации образовательного процесса.


Книга окажет неоценимую помощь преподавательскому корпусу, студентам, административному персоналу университетов Казахстана.

Кредитная система обучения требует философского осмысления социально-педагогических, теоретических и практических истоков формирования доверия обучающихся к обучающим, духовно-нравственных ценностей субъектов образовательного процесса, оптимальных путей трансформации всего лучшего в мировом педагогическом пространстве в отечественную систему высшего образования. Поэтому и остро востребована настоящая книга по кредитной системе обучения.

А. АСКАРОВА,
д.ф.-м.н., профессор



● Нұрғиса
Тілендиев - 80 жаста



Қазақ халқының өзге халықтар сияқты өзіне тән ұлттық мәдениеті, тарихи-этнографиялық ерекшеліктері бар. Ол екі арнада дамып, қалыптасқан: біріншісі - аңыз әңгімелер де, екіншісі - дастан-хикаялар. Мұндай белгілерді анықтап, саралап отыратын басты көрсеткіш - саз немесе музыка саласы.

Қазақстанда ақын-жыршылар, әнші-күйшілер әр кезеңде өмір сүргені белгілі. Ұлтымыздың ән-жыры ертеден басталды. Біз Балуан Шолақ, Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Майра сияқты аса талантты өнерпаздардың аттарын ұмытпақ емеспіз. Сол сияқты, қазақтың мәдениет тарихында Н.А.Тілендиев пен ол басқарған "Отырар сазы" оркестрінің де алатын орны ерекше. Ол - күллі қазақ халқына кеңінен танымал үлкен талант иесі, дүлдүл күйші, дарынды дирижер, теңдесі жоқ композитор, Халық қаһарманы.

мәскеуліктерді, оның ішінде музыка мамандарын таңырқатты. Сондай-ақ 1985 жылы сонда өткен Жастар мен студенттердің ХІІ бүкілдүниежүзілік фестиваліне қатысып, алтын жүлде алғаны өз алдына Жастар сыйлығының иесі атанды. Жас оркестр жыл санап емес, ай санап өсе түсті. Алғашында 7-9 адамдық топтан, кейінірек олардың мүше саны 25-ке өсіп, артынан 65 кісілік үлкен оркестрге айналады. Оған алыс және жақын шетелдіктер қызыға да қызғана қарады. Өз елдеріне өнер көрсетуге шақыра бастады. Оркестр бұрынғы кеңестер одағына мүше елдердің барлығында болды десек артық емес. Сонымен бірге, Германия, Испания, Түркия, Марокко, Солтүстік Корея, Вьетнам сияқты елдерде өнер көрсетті.

"Отырар сазы" оркестрі халқымыздың мақтанышы ғана емес, ол ұлттық болмысымыз бен табиғатымызды айқындайтын рухани келбетіміз бен музыкалық мәдениетіміздің айнасы іспеттес. 1994 жылы Солтүстік Кореяда өткен бүкілдүниежүзілік 64 ел қатысқан өнер фестивалінде "Отырар сазы" оркестрі бірінші орынды иеленіп, Алтын медаль алуы - қазақ өнерінің қаншалықты шарықтап өскенін білдіреді.

Ресейлік белгілі композитор Тихон Хренников: "Отырар сазы" әлемдік

деп аталады. Осы жылдың наурыз айының 5-і күні Бостандық ауданы әкімшілігі мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры академик Т.Ә.Қожамқұловтың ұйымдастыруымен композитор Н.Тілендиевтің 80 жылдығына орай Ә.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында "Отырар сазы" оркестрінің концерті болды. Бұл концерттің университеттің студент жастарына берер рухани байлығы шексіз болғаны сөзсіз.

Нұрғиса ағаның дирижерлік өнері ерекше еді. "Нұрағанын бойындағы ең бір ерекше қасиеті - ол кісінің еңбек-қорлығы, табиғи таланты еді. Оркестрдегі музыка мамандарынан да, әншілерден де үлкен жауапкершілікті талап ететін еді", - деп еске алады Қазақстан Республикасының халық өртісі, белгілі әнші Нұрғали Нүсіпжанов

1997 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың өнерпаз студент жастарынан құралған "Фараби сазы" ұлт-аспаптары оркестрі де Н.Тілендиевтің "Ата толғауы", "Өз елім", "Сағындым ғой" сияқты өндері мен күйлерін орындап жүр. Университетіміз ректорының өнерге деген үлкен қамқорлығының арқасында, соңғы жылдары оркестрімізге екі рет ұлттық

Нұрғиса

және "ОТЫРАР САЗЫ" оркестрі

Н.А.Тілендиев 1925 жылы Алматы облысы, Ұзынағаш қыстағындағы ән-жырдан хабары бар отбасында дүниеге келген. Болашақ композитордың әкесі асқан домбырашы, ал шешесі әдемі ән салған. Міне, осындай ортада өскен Н.Тілендиев домбыраны өзіне жастай серік еткені бар. Ал, жас шәкірттің талабын аңғарған композитор Ахмет Жұбанов 1937 жылы оны ұлт-аспаптары оркестріне алып келеді. Ұстаз бен шәкірт арасында достық қарым-қатынас мықтап орнайды. Ахмет Жұбанов сыйға тартқан домбырасын Н.Тілендиев өле-өлгенше қозінің қарашығындай сақтап келген.

1943 жылы он сегіз жасында соғысқа аттанған Нұрғиса Германияның

астанасы Берлинге дейін жетеді. "Ерлігі үшін", "Берлинді алғаны үшін" медальдарымен марапатталған жас офицер соғыс аяқталған соң Берлинде қалып, өскери қызметін бейбіт жағдайда атқарады. Ол 1947 жылы елге оралады да, Алматы мемлекеттік консерваториясына оқуға түседі. Үш жылдан кейін оқуын П.И.Чайковский атындағы Мәскеу консерваториясында жалғастырып, халық өртісі, профессор Н.П.Аносовтың дирижерлік сыныбында оқиды. Оқуын аяқтап келген соң, 1952 жылы Абай атындағы опера және балет театрында дирижер, ал 1960 жылы Құрманғазы атындағы ұлт аспаптары оркестрінде бас дирижер қызметін атқарады. 1968 жылы "Қазақфильм" студиясында

музыкалық бас редактор болады. Осындай жұмыстарды мінсіз атқаруына байланысты Н.Тілендиевке Қазақстанның халық өртісі, Республика өнеріне еңбегі сіңген қайраткері атағы беріледі. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Н.Тілендиев 1982 жылы фольклорлы-этнографиялық "Отырар сазы" оркестрін құрды. Бұл ансамбльді құрудағы Н.Тілендиевтің басты мақсаты - ұлттық музыканы дамытып, насихаттау. Ансамбль аз уақыттың ішінде Қазақстанның танымал болды. 1983 жылы Мәскеудегі П.И.Чайковский атындағы концерттік залда өткен "Отырар сазының" есеп беру концерті үстінде Қазақтың көне аспаптарының күдірет күші, өнердің сиқырлы әуені

музыка өлеміндегі құбылысы, ол өнер мен халықты жалғастырып жатқан алтын көпір", - десе, қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов: "Н.Тілендиевтің өндері мен күйлері халық әні, халық күйі боп, бүкіл Шығысты шарлап кетті. "Отырар сазы" ұлттың мақтанышы", - деді. Ал неміс композиторы, дирижер Нейтхард Бетке: "Отырар сазы" - сөзбен жеткізе алмайтын, тек қиялда ғана болатын оркестр... неғылған талантты халық едіңдер. Ішінен Нұрғиса сияқты ерекше жан шыққан елдегі бұл оркестр - нағыз фантастика! Бүкіл әлемде теңдесі жоқ таңғажайып тамаша оркестр", - деді.

Қазір ол Н.Тілендиев атындағы Мемлекеттік академиялық фольклорлы-этнографиялық "Отырар сазы" оркестрі

кімдер тігіліп, оркестр аспаптары түгелдей толықтырылды. Оркестрдің құрамы қазір 45-50 адамға дейін өсті. Оған қатынасатын студент жастардың өнерге деген құлшыныстары өте зор. Білім ордамызда өткізілетін үлкен іс-шарларға арналған жауапты концерттерге тиынақты дайындықпен келіп, көрермендердің көңілінен шығып жүрміз. Бүгінде оркестріміз университетіміздің мақтанышы. Біз де Нұрғиса аға салып кеткен үлкен өнер жолымен халық өнерін үйретуге, насихаттауға үлкен күш жігерімізді салып келеміз.

Болат ӘМІРХАНОВ,
"Фараби сазы" оркестрінің
көркемдік жетекшісі

● Юбилей С.М. Джакупова



Очень ярко проявляется и такая важная черта его характера: он никогда не боится начинать что-то новое. Широко эрудированный человек, прекрасно знающий состояние психологической науки, имеющий богатейший исследовательский опыт, проникнувшись сознанием того, как много профессиональной информации остается недоступной и по сути закрытой для наших психологов, открывает журнал "Вестник национальной ассоциации психологов Казахстана". Несколько лет назад он первым создал Национальную ассоциацию психологов Казахстана. Неустанно думающий о судьбе отечественной психологической науки, о ее будущем, он открывает первый в Казахстане совет по защите докторских и кандидатских диссертаций. А психологические интенсивы, проводимые под его руководством в десятках городов нашей страны, собирают несколько сотен благодарных слушателей-психологов. Это яркий фестиваль, запоминающийся на долгие годы каждому психологу, однажды попавшему на интенсив. У Сатыбалды Мукатаевича есть еще одна удивительная черта. Он, мы так думаем, живет в гармонии с самим

НАШИХ СЕРДЕЦ ОБОЖАЕМЫЙ ЖИТЕЛЬ

Юбилей - хороший повод выразить юбиляру свои чувства, свое отношение. Так получается, что в суете повседневности мы не успеваем сказать близким и дорогим людям, как ценно общение с ними, как важно их присутствие в нашей собственной жизни.

Сатыбалды Мукатаевич Джакупов для нас, его учеников, олицетворяет все самое ценное и достойное, что связано с университетской жизнью и преподавательской деятельностью вообще. Он обладает потрясающей способностью одним своим присутствием гармонизировать все происходящее вокруг. Достаточно сказать, что как заведующий кафедрой он не предпринимает никаких авторитарных действий, работа идет как бы сама собой, ровно, спокойно, без сбоев и недоразумений. Хотя, конечно, все дело в его удивительно корректном и, на первый взгляд, незаметном стиле руководства.

с собой. Он очень органичен во всех своих проявлениях: на лекциях, на заседаниях кафедры, пьющий чай в перерывах между занятиями. Он органичен в своем возрасте: все так же красив, обаятелен и элегантен, как 5, 10, 20 лет назад. Он умеет вносить в жизнь вокруг себя ощущение стабильности, надежности. С ним рядом очень хорошо и спокойно.

И еще одно качество, которое нельзя обойти вниманием - это его безукоризненная порядочность. Умение сохранить себя вопреки обстоятельствам, не жаловаться на то, что жизнь не так хороша и безоблачна, как хотелось бы, всегда сохраняя свое лицо, вести себя достойно в любой ситуации - все это отличает Сатыбалды Мукатаевича.

Кроме таланта ученого он обладает удивительным талантом педагога и пропагандиста психологических знаний. Он блестящий лектор и оратор. Трудно подсчитать тех, с кем он щедро делится своими знаниями, идеями, жизненным опытом.

Мы гордимся тем, что мы ученики С.М. Джакупова, научившего нас отстаивать собственные научные взгляды, показывать во всем свою "изюминку" и

верящего, что из людей "с задворков" могут получиться хорошие ученые.

Сатыбалды Мукатаевич! Со славным Юбилейным Днем Рождения!

